



«Бекітемін» А.Т.
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
А.Т. Қосмағамбет
«02» 09 2022ж

**«Шаттық» би тобының 2022-2023 оқу жылына арналған
күнтізбелік жоспары**

Жетекшісі: Ә.Б.Жеткерген

Түсінік хат

Би өнерімен айналысу оқушылардың жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді. Нақты жеңіл қозғалыспен дұрыс жүріп тұруына, иілгіштік қабілетінің артуына, ауамен дұрыс демалуына, музыканың екпінін, буын ырғағын, мазмұнын ажырата білуге көмектеседі. Төменгі сынып оқушылары арнаулы қондырғысыз - ақ залдың ортасында бимен айналысуына болады. Ол үшін ойын түрінде берілетін нақты қимыл қозғалыс жаттығуларына көбірек көңіл бөлуі қажет. Олар қимыл қозғалыспен музыканы үйлестіру шеберлігін дамытады.

Мақсаттары:

Оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Сезіну, есту қабілетін дамыту.

Қимыл - қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.

Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.

Музыкалық шығармалардың буын - ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.

Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.

Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.

Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс - тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін - өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.

«Шаттық» би тобының 2022-2023 оқу жылына арналған

күнтізбелік жоспары

№	Айы және атауы	Сағат саны	Мерзімі
Қыркүйек айы			
1-4	«Танысу» тренингі Би туралы мәліметтермен таныстыру және әңгімелеу	4	05.09 08.09
5-8	Бастапқы қалып. Денені дұрыс ұстау. Тұрақтылыққа арналған жаттығулар	4	12.09 15.09
9-12	Аяқтың қалыпты жағдайы 1 - 6 кезең	4	18.09 23.09
13-16	Қолдың қалыпты жағдайы 1 - 6 кезең	4	26.09 29.09
Қазан айы			
17-20	Қазақтың халық билерінің қимыл – қозғалыстары	4	03.10 06.10
21-24	Қазақ билеріндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	10.10 13.10
25-28	«Қазақ» биі	4	17.10 20.10
29-32	«Қазақ» биі	4	24.10 27.10
Қараша айы			
33-36	«Өзбек» биінің қимыл – қозғалыстары	4	03.11 07.11
37-40	«Өзбек» биіндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	10.11 14.11
41-44	Қазіргі заманғы билердің қимылдары	4	17.11 21.11
45-48	Қазіргі заманғы билерді үйрету	4	24.11; 28.11
Желтоқсан айы			
49-52	Өткен сабақтарды (билерді) қайталау	4	05.12, 08.12
53-56	Орыстың халық билерінің элементтері	4	12.12, 15.12
57-60	Орыс билерін үйрету	4	19.12, 22.12
61-64	Билерді қайталау және пысықтау	4	26.12, 29.12
Қаңтар айы			
65-68	«Жұмыр қылыш» биінің қимыл – қозғалыстары	4	09.01, 12.01
69-72	«Жұмыр қылыш» билерінің элементтері	4	16.01, 19.01
73-76	«Жұмыр қылыш» биіндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	23.01, 26.01
77-80	Билерді қайталау және пысықтау	4	30.01, 02.02
Ақпан айы			
81-84	«Ұйғыр» биінің қимыл – қозғалыстары	4	06.02, 09.02
85-88	«Ұйғыр» билерінің элементтері	4	13.02, 16.02
89-92	«Ұйғыр» биіндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	20.02, 23.02
93-96	Билерді қайталау және пысықтау	4	27.02
Наурыз айы			
97-100	Қазақ биі «Шашу»	4	02.03, 06.03
101-104	Қазақ биі «Шашу» қимыл – қозғалыстары	4	09.03, 13.03
105-108	Қазақ биі «Шашу» элементтері	4	16.03, 27.03
109-112	Қазақ биі «Шашу» қолдың қалыпты жағдайлары	4	30.03, 03.04
Сәуір айы			
113-116	«Достық» биінің қимыл – қозғалыстары	4	06.04, 10.04

117-120	«Достық» биі билерінің элементтері	4	13.04, 17.04
121-124	«Достық» биіндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	20.04, 24.04
125-128	«Достық» биін қайталау, пысықтау	4	27.04
Мамыр айы			
129-132	«Катюша» биінің қимыл – қозғалыстары	4	04.05, 08.05
133-136	«Катюша» биіндегі қолдың қалыпты жағдайлары	4	11.05, 15.05
137-140	«Флешмоб» биі	4	18.05, 22.05
141-144	«Флешмоб» биін қайталау	4	25.05, 29.05